



БІРІНШІ КУРС СТУДЕНТТЕРІНЕ НҰСҚАУЛЫҚ

2026



ҚазАҚЖАМЕТ



ҚАЗАҚСТАН ЖҰМЫССТЫҚ АГЕНДІГІ
ЕЛДІК АҚПАРАТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

ҚАЗАҚСТАН

Association of
Universities

МАЗМҰНЫ

• Бірінші курс студентіне үндеу.....	5
• Ғимараттардың мекенжайы.....	6
• Байланысу.....	8
• «Оңай» студенттік көлік картасы, студент картасы.....	13
• Оқу үдерісін ұйымдастыру.....	14
• Кітапхана, оқу залдары.....	16
• Глоссарий.....	17
• Университет мұражайы.....	18
• Жатақханалар.....	19
• Асханалар мен буфеттер.....	20
• Компьютерлік, мультимедиялық сыныптар.....	21
• 2026- 2027 оқу жылына 1 - курсқа арналған академиялық күнтізбе	22
• Емтихандағы студенттердің мінез-құлық ережелері.....	24
• Жазғы семестрді ұйымдастыру.....	24
• Оқу ақысын төлеу шарттары.....	25
• Университет студенттерінің мінез-құлқының этикалық қағидаттары	26
• Қайда демалу керек, не істеу керек?.....	27
• Абылай хан атындағы ҚазХҚжәне ӘТУ студенттерінің әнұраны.....	29

**Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ-не
ҚОШ КЕЛДІҢІЗ!**



Қымбатты бірінші курс студенті!

**С І З Д І С Т У Д Е Н Т Т І К Ө М І Р Д І
Б А С Т А У Ы Ñ Ы З Б Е Н Ш Ы Н Ж Ü Р Е К Т Е Н
Қ Ü Т Т Ы Қ Т А Й М Ы З !**

*Енді сіз еліміздегі ең беделді жоғары оқу орындарының
бірі Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-дің
студентісіз!*

*Мына сіз үшін арнайы дайындалған нұсқаулық сіздің
адал көмекшіңіз болсын! Ректорат және факультет
басшылары сіз университет қабырғасында тек терең
білім алып қана қоймай, білікті маман болады деп сенеді
және үміт артады, сондай-ақ сіз мұнда ұжымды және
адами қатынастарды бағалауды үйренесіз.*

*Сізге табыс, денсаулық және барлық істеріңізге
сәттілік тілейміз!*

Ғимараттардың мекенжайы



Бас оқу ғимараты (БОҒ)

№ 1 оқу ғимараты

№ 2 оқу ғимараты

№ 3 оқу ғимараты

№ 4 оқу ғимараты

№ 5 оқу ғимараты

Мұратбаев көшесі 200, (Құрманғазы көшесі қиылысы)

Мұратбаев көшесі, (Шевченко көшесі қиылысы)


Төле би көшесі, 84 (Наурызбай батыр көшесі қиылысы)

Шевченко көшесі, 140 (Шағабутдинов көшесі қиылысы)

Байтұрсынов көшесі, (Шевченко көшесі қиылысы)

Досмұхамедов көшесі, 15 (Гоголь көшесі қиылысы)

№1, №3 және Бас оқу ғимараттарының орналасу схемасы



ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТ!

Барлық бірінші курс білімгерлері үшін ұйымдастыру кезеңі академиялық күнтізбеге сәйкес 2026 жылғы 24 тамыз бен 29 тамыз аралығында басталады. Аптаның бірінші күні бірінші курс білімгерлері өздерінің эдвайзерімен танысады. Ол - бейімделу кезеңінде сізбен бірге жүретін, барлық сұрақтарға жауап беретін, құжаттарды «Оңай» картасын, шәкіртақы алуға, шетел тілдері бойынша қабылдау тестін өткізуге тілді меңгеру деңгейіне қарай топ құрауға оқу пәндеріне тіркелуге, яғни жеке оқу жоспарларын (ЖОЖ) құруға, әскери кафедра мен сабақ кестесін қалыптастыруға көмектесетін оқытушы. Оның телефон нөмірін жазып алып, барлық сұрақтар бойынша оған хабарласыңыз. Эдвайзермен танысу үшін сіз оқуға түскен білім беру бағдарламасын жүргізетін деканатқа хабарласыңыз:

Шетел тілдері педагогикалық факультеті

Білім беру бағдарламасы:

6B01701 Екі шетел тілі мұғалімі

Факультет деканы:

Айбарша Ислам

Бас оқу ғимараты 708 кабинет.

Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары

Аяжан Ерболатқызы Махатова

Бас оқу ғимараты 707 кабинет, тел.; 87075355968

Деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Самал Ғабитқызы Жаңғарбаева,

Бас оқу ғимараты, 705 кабинет, тел.: 87786598540

Кафедра меңгерушілері:

Сөйлеу практикасы және коммуникация кафедрасының меңгерушісі, (1-2 курстар)

Дарья Олеговна Осокина,

№1 оқу ғимараты, 202 кабинет

Мәдениетаралық коммуникация теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі, (3-ші курс)

Назира Серикқызы Исакова,

№ 1 оқу ғимараты, 226 кабинет.

Шетел тілдерін оқыту әдістемесі кафедрасының меңгерушісі (4-ші курс)

Галия Байскановна Жумабекова

№ 1 оқу ғимараты, 310 кабинет.

Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі

Сахипжамал Асқаровна Ұзақбаева

№ 1 оқу ғимараты, 326 кабинет.

Аударма және филология факультеті

Білім беру бағдарламасы:

6B02301 Аударма ісі

6B02302 Шетел филологиясы

Факультет деканы

Бағлан Мизамхан,

№2 оқу ғимараты, 109 кабинет.

Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары

Айгерім Кеңесхановна Бердилдаева,

№2 оқу ғимараты 108 кабинет, тел.: 8 707 293 12 01.

Деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Владислав Константинович Зырянов,

№2 оқу ғимараты 108 кабинет, тел.: 8 707 266 70 70.

Кафедра меңгерушілері:

Шет тілдерінің сөйлеу практикасы кафедрасының меңгерушісі (1- 2 курстар)

Айжан Мұратқызы Қуркимбаева,

№2 оқу ғимараты 211 кабинет.

Аударма және мәдениетаралық коммуникация кафедрасы меңгерушісінің м.а. (3- 4курстар),

Жаппарова Айнура Адильбековна,

№2 оқу ғимараты 213 кабинет.

Ілеспе аударма кафедрасы меңгерушісінің м.а.

Читебаева Сандуғаш Жұмағалиевна,

№1 оқу ғимараты 101 кабинет.

Роман тілдері кафедрасының меңгерушісі

Райгуль Муратовна Бахтиярова,

№2 оқу ғимараты 212 кабинет.

Шетел филологиясының сөйлеу практикасы кафедрасының меңгерушісі (1-2 4курстар),

Баян Абдужаппаровна Сопиева,

№2 оқу ғимараты 312 кабинет.

Шетел филологиясы теориясы кафедрасының меңгерушісінің (2-4 курстар),[

Буадат Есиркеповна Қарибаева,

№2 оқу ғимараты 311 кабинет.

Шығыстану факультеті

Білім беру бағдарламасы:

6B02301 Аударма ісі

6B02302 Шетел филологиясы

6B02201 Шығыстану

Факультет деканы

Эльмира Маратқызы Қағазбаева

№3 оқу ғимараты 303 кабинет.

Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары

Бекзат Бактыбековна Бактыбекова,

№ 3 оқу ғимараты 306 кабинет., тел.:87028712400

Деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Дарья Валерьевна Ершова

№ 3 оқу ғимараты 306 кабинет., тел.:87079889997

Кафедра меңгерушілері:

Шығыс тілдерінің аударма кафедрасының меңгерушісі

Раушан Базикенқызы Джельдыбаева,

№3 оқу ғимараты 307 кабинет.

Шығыс филологиясы кафедрасының меңгерушісі

Гауһар Жансапқызы Бүркітбай,

№ 3 оқу ғимараты 309 кабинет.

Шығыстану кафедрасының меңгерушісі

Жанар Онгаровна Есеркепова

№ 3 оқу ғимараты 408 кабинет.

Менеджмент және халықаралық коммуникация факультеті

Білім беру бағдарламалары:

6B03201 Журналистика

6B11101 Туризм

6B11102 Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі

Декан факультеті

Марияш Харазимовна Жұбанова,

№1 оқу ғимараты 322 кабинет.

Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары

Жанар Сериккановна Терлиқбаева,

№1 оқу ғимараты 318 кабинет, тел.: 87073330057

Деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Манишук Сыйлыковна Есимова,

№1 оқу ғимараты 318 кабинет, тел.:87741106563

Кафедра меңгерушілері:

Халықаралық коммуникациялар кафедрасының меңгерушісі

Ольга Яковлевна Ким,

№1 оқу ғимараты 304 кабинет.

«Халықаралық туризмді және қонақжайлылықты басқару

кафедрасының меңгерушісі

Гүлзамира Жолдасбековна Айтбаева,

№1 оқу ғимараты, 320 кабинет

Халықаралық қатынастар, құқық және бизнес факультеті

Білім беру бағдарламалары:

6B03101 Халықаралық қатынастар

B04101 Халықаралық бизнес

6B04201 Құқықтану

Факультет деканы:

э.г.к Нурадин Айыпович Қудайбергенов

№1 оқу ғимараты 201 кабинет.

Деканның оқу ісі жөніндегі орынбасары

Елдос Болатұлы Отынбай,

№1 оқу ғимараты 205 кабинет: тел: 87756601995

Деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Ерсайын Нурлыбаевич Тенизбаев,

№ 1 оқу ғимараты 205 кабинет, тел: 8 7072477301

Кафедра меңгерушілері:

Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі

Агина Еркиновна Тойганбаева

№1 оқу ғимараты 215 кабинет.

Халықаралық бизнес кафедрасының меңгерушісі,

Гульжахан Тлесовна Мынжанова

№1 оқу ғимараты 212 кабинет.

Халықаралық құқық кафедрасының меңгерушісі

Гүлчехрам Бакримовна Норузова,

№1 оқу ғимараты, 206 кабинет.

СТУДЕНТТЕРДІҢ «ONAY» КӨЛІК КАРТАСЫ



ҚҰРМЕТТІ СТУДЕНТТЕР

«Алматы қаласының көлік холдингі» ЖШС білім алушыларға арналған көлік қызметтерін цифрландыру жобасының іске асырылатынын және ONAY! виртуалды студенттік жеңілдік карталарын алуға онлайн өтінім беру мүмкіндігінің енгізілетінін хабарлайды. Бұл тетікті іске қосу студенттерге көрсетілетін қызмет сапасын арттыруды және қоғамдық көлікте жеңілдікпен жол жүру құқығын алу процесін оңтайландыруды көздейді. Жеңілдік картасын алудың жаңа форматының артықшылықтары:

- 1) студент виртуалды картаны шығару үшін өтінімді ONAY! мобильді қосымшасында онлайн режимде береді;
- 2) деректер мемлекеттік дерекқор арқылы автоматты түрде тексеріледі, құжаттарды жинаудың және оларды жүктеудің қажеті жоқ;
- 3) карта ONAY! қосымшасында бірден әрі тегін пайда болады;
- 4) карта әрқашан телефонда әрі қолжетімді болады;
- 5) қоғамдық көлікте жол ақысы QR-код немесе көлік коды арқылы жеңілдетілген тарифпен төленеді;
- 6) енді пластикалық картаны пайдаланудың қажеті жоқ (экологиялық тұрғыдан тиімді: пластик аз болса, қалдықтар да азаяды).

Тағы бір керемет жаңалық холдинг қыркүйек және қазан айлары бойы виртуалды картаны ашып, осы карта арқылы төлем жасаған студенттер арасында ұтыс ойынын өткізеді.

Енді картаны жоғалтып алудан қорықпауға болады: қайтадан ЦОС-тан анықтама алып, ONAY! орталығына барып картаны қалпына келтірудің және ол үшін ақша төлеудің қажеті жоқ.

Құрметпен, ҚазХҚЖӨТУ студенттеріне қызмет көрсету орталығы

ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Оқу жылы академиялық кезеңдерден (семестрлерден), аралық аттестаттаудан (емтихан сессиясы), практикадан және демалыстардан тұрады. Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ АҚ академиялық кезеңінің ұзақтығы – 15 аптаға созылатын бір семестр; емтихан сессиясы -1-ден 3 аптаға дейін (аралық аттестаттау)

ОҚУ ЖЫЛЫ – 36 АПТА

30 апта -
Теориялық білім
беру

6 апта
Аралық
аттестаттау

Демалыстар

15 апта – күзгі семестр
15 апта – көктемгі семестр

әр семестрде
1-3 апта аралығы

қыста 1-3 апта
жазда – 12 апта
(жазғы семестрдің
7 аптасын қосқанда)

Ағымдағы оқу үлгерімін максималды бағалау

Семестраралық бақылаулар

АБ1, АБ 2 – 60 ұпай

Аралық аттестаттау

– 40 ұпай

Пән бойынша аралық аттестаттауға жіберілу үшін студент әрбір рейтингтік бақылаудан кемінде 50 балл жинауы керек. Қорытынды баға (ҚБ) мына формула бойынша есептеледі:

$(P1 + P2)$

$ҚБ = [\frac{\quad}{2} \times 0,6] + [ЕБ \times 0,4]$, мұндағы ЕБ - емтихан бағасы.

Білім алушыларды курстан курсқа ауыстырудың міндетті шарты олардың үлгерімінің орташа балына (GPA - Grade Point Average) Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ-де белгіленген ауыстыру балынан төмен болмауы керек.

GPA есептеу мынадай түрде жүргізіледі:

Пән	Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық балама	Академиялық кредит саны
Қазақстан тарихы	A	4,0	5
Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ)	B+	3,33	5
Шетел тілі	C+	2,33	6
Философия	D	1,0	5

Оқу жылындағы (орта) балды анықтау үшін мынадай формула пайдаланылады:

$$GPA = \frac{Kc1 \times Kc1 + Kc2 \times Kc2 + \dots Kcn \times Kcn}{K1 + K2 + Kn}$$

мұнда:

ҚБ - пәндер бойынша сандық баламадағы қорытынды баға (гесте)

К - оқытылған пәндердің академиялық кредит көлемі.

Пәннің академиялық кредиттерінің санын пән бойынша қойылған сандық баламаға көбейту қажет содан кейін сандар жинақталады және қорытынды сома академиялық кредиттердің жалпы санына бөлінеді.

Мысалы:

Қазақстан тарихы $4 \times 5 = 20$

АКТ $3,33 \times 5 = 16,65$

Шетел тілі $2,33 \times 6 = 13,98$

Философия $1,0 \times 5 = 5$

Жалпы сандық балама = 55, 63

Академиялық кредиттердің жалпы саны = 21

GPA $55,63 : 21 = 2,64$ құрайды

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі, оларды дәстүрлі бағалау шкаласына ауыстыру және ECTS

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Сандық балама	Балы (%-көрсеткіш)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Кітапхана - оқу үдерісіндегі сенімді көмекшіңіз

Абонемент (№3 оқу корпусы, цокольді қабат)

Абонементті пайдалану ережелері:

- Абонементте әдебиеттер үйге пайдалануға беріледі.
 - Әдебиеттер студенттерге ID-карта болған жағдайда беріледі.
 - Кітаптарды алған оқырман олардың сақталуына жауапты және кітапхана қорындағы құжаттарға ұқыпты қарауға міндетті.
 - Әдебиеттерді белгіленген мерзімде қайтару қажет.
 - Қажет болған жағдайда кітаптарды пайдалану мерзімін кітапхана қызметкерлеріне жүгіну арқылы ұзартуға болады.
 - Басылым жоғалған немесе бүлінген жағдайда оқырман оны баламалы құжатпен алмастыруға немесе кітапхана белгілеген тәртіп бойынша келтірілген шығынды өтеуге міндетті.
 - Сұрақтар туындаған жағдайда абонемент қызметкерлеріне хабарласыңыз — олар әдебиеттерді тандауға және қажетті ақпаратты табуға әрдайым көмектесуге дайын.
- Есте сақтаңыз:
- V Кітаптарға ұқыпты қараңыз.
 - V Әдебиеттерді уақытында қайтарыңыз.
 - V Қажет болған жағдайда пайдалану мерзімін ұзартыңыз.
 - V Басылым жоғалған немесе бүлінген жағдайда кітапханашыға хабарлаңыз.
 - V Кітапхана қызметкерлерінің көмегін пайдаланыңыз.

Шетел әдебиеттері оқу залы (1-қабат, 1- ОК)

М.М. Копыленко атындағы оқу залы (2-қабат, 1- ОК)

Оқу залы (Төле би көшесі, 84, 2- ОК)

Оқу залын пайдалану ережелері:

- Оқу залы кітапхана пайдаланушыларының оқу, ғылыми және өздігінен жұмыс істеуіне арналған.
- Оқу залына келген кезде тыныштық сақтап, басқа пайдаланушыларға құрметпен қарау қажет.
- Оқу залында берілген құжаттар тек осы залда жұмыс істеуге арналған және қызметкердің рұқсатынсыз кітапхана аумағынан шығарылмайды.
- Пайдаланушылар кітапхана құжаттарына, жабдықтарына және оқу залының мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.
- Компьютерлермен жұмыс істеу кезінде электрондық ресурстар мен Интернет желісін пайдалану ережелерін сақтау қажет.
- Жұмыс аяқталғаннан кейін құжаттарды кітапханашыға қайтару немесе арнайы белгіленген орынға қалдыру керек.

Пайдаланушыға арналған жадынама

- V Тыныштық сақтаңыз.
- V Кітаптар мен жабдықтарды ұқыпты пайдаланыңыз.
- V Құжаттарды оқу залынан рұқсатсыз алып шықпаңыз.
- V Жұмыс орныңызда тәртіп сақтаңыз.
- V Ақпарат іздеу барысында көмек қажет болса, кітапханашыға жүгініңіз.

Әдебиеттерді онлайн-сервис арқылы брондау ережелері

Электрондық кітапхана каталогына өтіңіз:

<https://library.ablaikhan.kz/MegaPro/Web>

Жүйеге кіру үшін төмендегі мәліметтерді енгізіңіз:

-тегі;

- ID-карта нөмірі (оқырманды тіркеу кезінде абонементте беріледі).

Іздеу жолағына кітаптың атауын, авторын немесе кілт сөзді енгізіңіз.

Іздеу нәтижелерінен қажетті басылымды таңдаңыз.

Таңдалған кітаптарды белгілеп, тапсырысты рәсімдеңіз.

Тапсырыс өңделгеннен кейін әдебиетті алуға дайын екендігі туралы хабарлама электрондық поштаңызға немесе оқырманның жеке кабинетіне жіберіледі. \

Жеке кабинетте:

-тапсырыс мәртебесін бақылауға;

-әдебиетті пайдалану мерзімін ұзартуға (мүмкіндік болған жағдайда);

- рәсімделген тапсырыстарды жоюға болады.

- **Тапсырыс берілген әдебиетті сақтау мерзімі** — 3-тен 7 күнге дейін.

- **Әдебиетті пайдалану мерзімі** — 30 күнге дейін. Жекелеген жағдайларда кітапхана аса сұранысқа ие немесе сирек кездесетін басылымдар үшін қайтарудың басқа мерзімін белгілеуі мүмкін.

Кітапхананың электрондықресурстары

Кітапхана оқу, ғылыми және анықтамалық әдебиеттерді, ғылыми журналдардағы мақалаларды, диссертацияларды және басқа да ақпараттық ресурстарды қамтитын отандық және шетелдік электрондық деректер базаларына қолжетімділікті ұсынады.

Электрондық деректер базаларын пайдалану:

- өзекті ғылыми ақпаратты табуға;
- рефераттар, курстық және дипломдық жұмыстарға қажетті материалдарды іріктеуге;
- отандық және шетелдік жетекші ғалымдардың жарияланымдарымен танысуға;
- құжаттардың толық мәтіндеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Пайдалы сілтемелер

Кітапхана-ақпараттық орталығының сайты

Кітапхананың қызметі, ресурстары, көрсететін қызметтері, жұмыс тәртібі және өткізілетін іс-шаралар туралы толық ақпаратты кітапхананың сайтынан алуға болады: <https://library.ablaikhan.kz/>

Ақпараттық ресурстармен жұмыс істеу жөніндегі бейненұсқаулық

Электрондық каталогпен, электрондық деректер базаларымен және кітапхананың басқа да ақпараттық ресурстарымен танысу үшін бейненұсқаулықты пайдаланыңыз:

[Бейненұсқаулық](#)

Есте сақтаңыз: кітапхана тек баспа басылымдарына ғана емес, сонымен қатар оқу мен ғылыми зерттеулерді табысты жүргізуге қажетті отандық және шетелдік электрондық деректер базаларына, электрондық кітаптарға, ғылыми журналдарға және басқа да ресурстарға қолжетімділікті ұсынады.

Барлық сұрақтар бойынша кітапхана қызметкерлеріне хабарласыңыз: абонемент, оқу залдары, 3 - ОКД06/107/ПД кабинеттер





ГЛОССАРИЙ

(терминдер мен қысқартулар)

АК - Академиялық күнтізбе.

БОҒ - Бас оқу ғимараты

ОҒ - оқу ғимараты

СҚКО - Студенттерге қызмет көрсету орталығы

ЖОЖ (жеке оқу жоспары) - нақты студенттің білім беру траекториясын көрсететін, Оқу-жұмыс жоспары (ОЖЖ) негізінде академиялық кезеңге студент дербес жасайтын құжат ол жазылған оқу пәндерінің тізбесін және кредиттердің санын қамтиды

Семестрішілік бақылау (АБ АБ2) - оқу пәнінің бөлімін (модулін) аяқтағаннан кейін студенттің оқу жетістіктерін тексеру. Осы пәннің оқытушысы оқытудың -ші және -ші апталарында өткізеді

ЭПК- Элективті пәндер каталогы

Жазғы семестр - пәнді қайта зерделеу, қорытынды «қанағаттанарлықсыз» « » - (fail) бағасын алған жағдайда. Қайта зерделеу ақылы негізде ғана жүзеге асырылады.

Пререквизиттер/постреквизиттер - оқытылатын пәннің алдында меңгеруге міндетті пәндер/оқытылатын пәннен кейін меңгеруге міндетті пәндер.

ОЖЖ (оқу-жұмыс жоспары) - кредиттер санын, пәндерді зерделеу реттілігін, оқу сабақтарының түрлерін және бақылау нысандарын көрсете отырып, міндетті компоненттің және таңдау компонентінің оқу пәндерінің толық тізбесін қамтитын құжат

Силлабус - оқытылатын пәннің сипаттамасын, қысқаша мазмұнын, сондай-ақ мақсаттары мен міндеттерін қамтитын оқу бағдарламасы; студент алатын білім мен дағдылардың тізбесі; әрбір сабақтың тақырыптары мен ұзақтығы дербес жұмыс тапсырмалары; кеңсе сағатының уақыты; оқытушының талаптары; білімді бағалау критерийлері; жұмыстарды тапсыру кестесі және пайдаланылатын әдебиеттер тізімі.

БӨЖ- білім алушының өздік жұмысы. Студенттің өздік жұмысынан (СӨЖ) және студенттің оқытушымен (СОӨЖ) өздік жұмысынан тұрады..

Транскрипт -кредиттердің санын, бағасын және орташа балын көрсете отырып, тиісті оқу кезеңіндегі өткізілген пәндер тізбесін қамтитын белгіленген түрдегі құжат.Қолтаңбасы мен мөрі бар ресми транскрипті студенттерге қызмет көрсету орталығынан (СҚКО), №3 оқу ғимаратында орналасқан101-кабинеттен алуға болады.

Эдвайзер - студентке білім беру траекториясын таңдауға және бүкіл оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын игеруге көмектесетін академиялық мәселелер бойынша кеңесші қызметін атқаратын оқытушы.

GPA (Grade Point Average) - оқу үлгерімінің орташа балы.

ECTS - European Credit Transfer and Accumulation System - Еуропалық кредитаудару және жинақтау жүйесі.

Абылай атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің тарихы мұражайы



1 оқу ғимараты, 121 кабинет

Абылай хан мұражайы



1 оқу ғимараты, 102 кабинет

ЖАТАҚХАНАЛАР



№1 студентті жатақхана

№2 студенттік жатақхана

№3 студенттік жатақхана

Құрманғазы көшесі,150 (Жароков қиылысы)

Құрманғазы көшесі,150 (Жароков қиылысы)

Жароков көшесі,104



АСХАНАЛАР МЕН БУФЕТТЕР

Кафетерий 1-қабат, бас оқу ғимараты
Буфеттер 2-5 оқу ғимараттары
Асханалар 1-қабат, бас оқу ғимараты, 1-қабат №1 оқу ғимараты



КОМПЬЮТЕРЛІК, МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ СЫНЫПТАР

№	Кабинет атауы	Кабинет нөмері	Оқу корпусы
1.	Мультимедиялық кабинет интерактивті тақтамен		
2.	Компьютерлік кластар		
3	Интернет-класс		
4	Лингафон кабинеті		
5	Видеозал		



Академиялық күнтізбе
1 курс 2026-2027 оқу жылы
КУЗ 2026

24 тамыз- 29 тамыз	Шет тілі бойынша диагностикалық тестілеу
24 тамыз- 29 тамыз	ЖОЖ қалыптастыру
01 қыркүйек -12 желтоқсан	Күзгі семестр
12 қазан - 17 желтоқсан	Семестр ішіндегі №1 бақылау
07 желтоқсан-14 желтоқсан	Семестр ішіндегі № 2 бақылау
14 желтоқсан - 26 желтоқсан 14 желтоқсан - 09 қаңтар	Аралық аттестаттау
28 желтоқсан - 09 қаңтар 11 қаңтар - 23 қаңтар	Қысқы демалыс
1, 2 қаңтар	Жаңа жыл (демалыс)
Аптаның жалпы саны -15	

КӨКТЕМ 2027

11/25 қаңтар - 01/15 мамыр	Көктемгі семестр
8 наурыз	Халықаралық әйелдер күні (демалыс)
01 ақпан—06 ақпан	ЖОЖ қалыптастыру
21, 22, 23 наурыз	Наурыз мейрамы (демалыс)
01 наурыз - 06 наурыз	Семестр ішіндегі №1 бақылау
26 сәуір - 01 мамыр 10 мамыр - 15 мамыр	Семестр ішіндегі № 2 бақылау
03 мамыр -15 мамыр 17 мамыр - 29 мамыр	Аралық аттестаттау
31 мамыр-05 маусым	Жазғы семестрге тіркелу
07 маусым - 24 шілде	Жазғы семестр
31 мамыр - 31 тамыз	Жазғы каникул
Аптаның жалпы саны - 15	

2026-2027 оқу жылына арналған сабақ кестесі

I смена	II смена
8.00 - 8.50	13.40 -14.30
8.55-9.45	14.35-15.25
9.50 -10.40	15.40-16.30
10.55-11.45	16.35-17.25
11.50-12.40	17.30-18.20
12.45 -13.35	18.25-19.15

СТУДЕНТТЕР КҮНТІЗБЕСІ

КҮЗ 2026

02 қыркүйек	Білім күні, 1 семестрдің басталуы
27 қыркүйек	Халықаралық туристер күні
1 қазан	Халықаралық карттар күні
5 қазан	Мұғалімдер күні
24 қазан	Халықаралық Біріккен ұлттар ұйымы күні
25 қазан	Республика күні (демалыс)
10 қараша	Әлемдік жастар күні
17 қараша	Халықаралық студенттер күні

ҚЫС 2026

16 желтоқсан	ҚР Тәуелсіздік күні (демалыс)
1,2 қаңтар	Жаңа жыл (демалыс)
7 қаңтар	Православиелік Рождество (демалыс)

КӨКТЕМ 2027

8 наурыз	Халықаралық әйелдер күні(демалыс)
21 - 23 наурыз	Наурыз мерекесі (демалыс)
27 наурыз	Халықаралық театр күні
7 сәуір	Дүниежүзілік денсаулық күні
12 сәуір	Дүниежүзілік космонавтика және авиация күні
24 сәуір	Халықаралық жастар ынтымақтастығы күні
1 мамыр	Қазақстан халықтарының бірлігі күні (демалыс)
7 мамыр	Отан қорғаушылар күні (демалыс)
9 мамыр	Жеңіс күні (демалыс)

ЖАЗ 2027

1 маусым	Халықаралық балаларды қорғау күні
5 маусым	Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күні

ЕМТИХАНДАҒЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Емтиханға оқу ақысын толық төлеген және семестр ішіндегі бақылауды /СІБ/ тапсырған студенттер жіберіледі.
- Студент университетке кірген кезде студенттік билетті көрсетуі керек.
- **Студент бекітілген кесте мен топ тізіміне сәйкес өз аудиториясында болуы керек.**
- Емтихан басталғаннан кейін студенттің аудиториядан шығуға құқығы жоқ.
- Емтихан кезінде студенттер өзара, сондай-ақ ұялы телефон арқылы сөйлесуге тыйым салынады. Басқа студенттің емтихан парағын немесе мониторын қарау әрекеті ережелерді өрескел бұзу деп қарастырылады, ал студент емтиханнан шеттетіледі.
- **Электронды кітапшаларды, ұялы телефондарды, шпаргалкаларды, анықтамалық әдебиеттерді (ПОҚ рұқсат еткеннен басқа) пайдалануға тыйым салынады.**
- Емтиханның жазбаша түрінде барлық жауаптар тек берілген жауап парақтарында жазылуы керек.
- Шпаргалка табылған жағдайда студент аудиториядан шығарылады және емтихан үшін оған "F" бағасы қойылады.

Кешіккен студенттер емтиханға жіберілмейді!!!

ЖАЗҒЫ (АҚЫЛЫ) СЕМЕСТРДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Жазғы семестр қосымша оқыту, академиялық қарыздарды және оқу жоспарларындағы айырмашылықтарды жою мақсатында ақылы негізде ұйымдастырылады. Жазғы семестрдің ұзақтығы академиялық күнтізбеге сәйкес анықталады және кемінде 6 аптаны құрайды. Жазғы семестрде игеруге арналған академиялық кредиттердің барынша ықтимал саны 15-тен аспауы тиіс. Жазғы семестрде қарыздарды жою мүмкіндігіне:

а) аралық аттесттауға жіберілмеген;

б) аралық аттесттаудан өтпеген;

в) академиялық айырмашылықты белгіленген мерзімде жоймаған студенттер ие болады.

Жазғы семестрге тіркеуді қысқы семестр аяқталғаннан кейін жазғы семестрдің басталуына 1 апта қалғанда білімгерлердің өтініштері мен офис-тіркеушілер ұсынған 1-3 курс студенттерінің оқу қарыздары туралы деректердің негізінде СҚО жүзеге асырады. Академиялық оқу қарызы, ауысу балы туралы мәліметтер білім алушының Жеке кабинетінде жазғы семестр басталғанға дейін емтихан тапсырғаннан кейін орналастырылады, жазғы семестрге уақытылы жазылу жауапкершілігі білім алушының өзіне жүктеледі. Жазғы семестрді ұйымдастыруды Тіркеу офисі деканның тиісті рұқсаты негізінде жүзеге асырады.

Жазғы семестрде қосымша курстардан өту мүмкіндігіне студенттер мынадай жағдайда:

- кезекті курстың қорытындысы бойынша академиялық оқу қарызы болмай, келесі курсқа ауыстырылса;

- оқу жетістігі жоғары топ болса қол жеткізеді.

Жазғы (ақылы) семестрді ұйымдастыру тәртібі:

а) жазғы емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін студент деканның атына курстарды және мәлімделген курстар бойынша төлемдерді көрсете отырып, жазғы семестрден өтуге өтініш береді;

- декан студенттердің өтініштерін қарайды;

в) жазғы семестрде сабақтардың уақтылы өткізілуін және қорытынды бақылауды Оқу басқармасы жүзеге асырады.

СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ АҚЫСЫН ТӨЛЕУ ШАРТТАРЫ

Оқу ақысы 25 тамызда сабақ басталғанға дейін немесе толығымен 1 сәуірге дейін кезең кезеңімен төленеді:

I. Төлем нұсқалары	II. Төлем нұсқалары
25 тамызға дейін - бір жылдық төлемақының 40 (қырық)%;	25 тамызға дейін - 50 (елу) % бір жылдық төлемақының;
01 желтоқсанға дейін - бір жылдық төлемақының 10 (он)%; 01 сәуірге дейін — бір жылдық төлемақының 50 (елу) %;	1 сәуірге дейін — қалған төлемақыны;

Ақылы негізде оқитын білім алушы семестр ішінде оқу ақысын төлемегені үшін оқудан шығарылса, оқудан шығарылған күннен бастап төрт апта ішінде төлем бойынша берешегін өтесе, ал университет білім алушының оқу ақысын төлегенін растайтын құжатын көрсеткен жағдайда, үш жұмыс күні ішінде қайта оралуға құқылы.



УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫНЫҢ ЭТИКАЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

ҚазХҚЖӘТУ –дің СТУДЕНТІ

Өзара сыйластық. Студент басқа студенттердің, оқытушылар мен университет басшылығының жеке басын, сондай-ақ олардың пікірлері мен көзқарастарын құрметтеуі керек. Ол жоғары іскерлікті және жалпы мәдениетті, ізеттілік пен әдептілікті сақтауға, университеттегі өзінің айналасындағы адамдарға толеранттылық, кішіпейілділік, құрмет көрсетуге және қажет болған жағдайда оларға моральдық қолдау көрсетуге міндетті.

Ізгі ниеттілік. Студент басқа студенттермен, сондай-ақ оқытушылармен, қызметкерлермен және университет басшылығымен қарым-қатынаста кішіпейіл және сыпайы болуы керек.

Адалдық. Студент оқуда жоғары нәтижеге жету үшін өзіне қатысты барлық нәрсені жасауы керек. Ол үшін ол барлық оқу пәндері бойынша: дәріс және семинар сабақтарына, сондай-ақ қосымша курстарға қатысуға семинар сабақтарына дайындалуға, кітапханаларға баруға, семинарларға, конференцияларға және университет ұйымдастыратын білім беру, мәдени және спорттық сипаттағы басқа да іс-шараларға қатысуға байыптықарауы тиіс. Ол оқытушылар мен басшылықтың тапсырмаларын уақтылы орындап, рефераттар, курстық және дипломдық жұмыстар, сынақтар мен емтихандар тапсыруы керек. Плагиат, оқытушыны алдау және сабақтарда, сынақтар мен емтихандарда алдау сияқты әрекеттер осы қағидатқа мүлдем қайшы келеді.

Тәртіптілік. Студенттің басқа біреудің мүлкін ұрлау университетте мас күйінде болу, ғимаратта және ғимаратқа кірер алдында темекі шегу, сабақ кезінде және кітапхананың оқу залында аудиториялар мен дәліздерде сабаққа кедергі келтіру, сондай-ақ интимдік сезімдер мен импульстарды көрсету, сабақтарда және кітапханада ұялы телефонмен сөйлесу сияқты әрекеттері де осы қағидатқа қарама-қайшы болып келеді.

Ұқыптылық Студент сабаққа дер кезінде келуі тиіс. Сабақтан тек ауырып қалған жағдайда, оны растайтын медициналық анықтама болған жағдайда ғана белгілі себептермен қана қалуға болады.

Белсенділік. Студент университеттің оқу-қоғамдық және спорттық бағдарламаларына белсенді қатысуы тиіс.

Өзар -көмек. Студент мүмкіндігінше басқа білімгерлерге қиындық жағдайында әлі келгенше көмектесуі керек.

Ықтияттылық. Студент университеттің кітапхана қорына сондай-ақ университеттің материалдық-техникалық құрал-жабдықтарына ықтияттылықпен қарау керек.

Жауапкершілік. Студент аталмыш кодекстің қағидаттарының орындалуына өз үлесін қосып жауапкершілікпен қарауы тиіс.

Осындай жауапкершілікке байланысты білімгердің мінез-құлқынан кінәрат табылса, университет басшылығы шара қолданады:

- ☐ ескерту;
- ☐ сөгіс;
- ☐ қатаң сөгіс;
- ☐ айыппұл;
- ☐ университеттен шығару.

Ablai Khan University-дегі студенттік өзін-өзі басқару - университет өмірінің маңызды бөлігі. Ол студенттерге университеттің дамуына белсенді қатысуға, өз бастамаларын ұсынуға және жүзеге асыруға, іс-шаралар ұйымдастыруға және студенттер қауымдастығының мүдделерін білдіруге мүмкіндік береді. Студенттік өзін-өзі басқару жүйесі арқылы білім алушылар көшбасшылық және ұйымдастырушылық дағдыларын дамытады, командада жұмыс істеуді үйренеді және мазмұнды әрі жайлы студенттік ортаны қалыптастыруға өз үлестерін қосады.

Жастар ісі жөніндегі комитет (ЖІК)

Ablai Khan University студенттік өмірінің орталығы - **Жастар ісі жөніндегі комитет (ЖІК)**. Бұл - студенттер өз бастамаларын көрсетіп, идеялары мен жобаларын жүзеге асырып, көшбасшылық және ұйымдастырушылық дағдыларын дамытып, университет қауымдастығының белсенді мүшесі бола алатын орта. ЖІК белсенді студенттерді біріктіреді, жастар бастамаларын, студенттік қозғалыстар мен қызығушылықтары бойынша клубтарды қолдайды.

ЖІК құрылымында 4 негізгі сектор жұмыс істейді:

- **Мәдени бұқаралық іс-шаралар секторы (МБС)** - студенттік іс-шараларды, мерекелерді, байқауларды және университеттің басқа да іс-шараларын ұйымдастырады.
- **Имидждік саясат секторы (ИПС)** - әлеуметтік желілерде студенттік өмірді насихаттауға, медиа-контент жасауға және іс-шараларды ақпараттық сүйемелдеуге жауап береді.
- **Халықаралық ынтымақтастық секторы (ХЫС)** - шетелдік студенттердің университет өміріне бейімделуіне көмектеседі, бірлескен жобалар, экскурсиялар, тимбилдингтер және тілдік клубтар ұйымдастырады.
- **Салауатты өмір салты секторы (СӨС)** - спорттық және туристік бағыттарды дамытады, студенттер арасында белсенді әрі салауатты өмір салтын насихаттайды.

Университетте студенттік омбудсмен жұмыс істейді - студенттердің құқықтары жөніндегі уәкілетті тұлға.

Студенттік ұйымдар мен клубтар

Университетте әрбір студент өз қызығушылығына сәйкес бағыт таба алатын студенттік бірлестіктердің тұтас жүйесі жұмыс істейді. Мұнда дипломатия мен пікірсайыстан бастап, волонтерлік, шығармашылық және саяхатқа дейінгі түрлі бағыттар қамтылған.

Erasmus Student Network (ESN) - академиялық ұтқырлықты қолдайтын, шетелдік студенттердің бейімделуіне көмектесетін және мәдениетаралық қарым-қатынасты дамытуға ықпал ететін халықаралық студенттік ұйым.

«Pantheon» дебат клубы - сыни ойлауды, шешендік өнерді, өз ұстанымын дәлелдей білу қабілетін дамытуға және интеллектуалдық пікірталастарға қатысуға мүмкіндік беретін алаң.

«Kazumo MUN» - БҰҰ моделі клубы - дипломатияға, халықаралық қатынастарға және жаһандық күн тәртібіне қызығушылық танытатын студенттерді біріктіреді. Қатысушылар БҰҰ органдарының жұмысын модельдейді, келіссөздер жүргізуді және әртүрлі мемлекеттердің ұстанымдарын білдіруді үйренеді.

«Көмек» волонтерлік қозғалысы - қайырымдылық, әлеуметтік және қоғамдық маңызы бар жобаларға қатысатын белсенді студенттерді біріктіреді және еріктілік мәдениетін дамытады.

InYaz Travel - саяхатқа, туризмге, әлем халықтарының мәдениетіне және мәдениетаралық коммуникацияға қызығушылық танытатын студенттерге арналған клуб.

«Мұрагерлер» театр және поэзия клубы - театр өнері мен поэзияны дамытуға және мәдени құндылықтарды насихаттауға арналған шығармашылық орта.

«Inyazaman» шығармашылық бірлестігі - студенттердің өнер, медиа және басқа да шығармашылық бағыттардағы идеяларын жүзеге асыруға арналған алаң.

Студенттер үшін сондай-ақ шығармашылық ұжымдар жұмыс істейді:

- «Алаш» қазақ халық аспаптар ансамблі
- «deZire» заманауи би тобы

Спорттық секциялар

Университетте **13 спорттық секция** белсенді дамып келеді:

1. Волейбол
2. Футзал
3. Баскетбол
4. Бадминтон
5. Шахмат
6. Тоғызқұмалақ
7. Аэробика
8. Чирлидинг
9. Кикбоксинг
10. Бокс
11. Жеңіл атлетика
12. Үстел теннисі
13. Атлетикалық гимнастика

Университетте спорт шеберлері мен спорт шеберлігіне кандидаттар болып табылатын студенттер білім алады. Олар спортпен айналысуды тоқтатпай, университет қабырғасында жаттығуларын жалғастыруда.

Студент-спортшылар мен спорттық секцияларда жоғары нәтижелер көрсетіп жүрген жастар университет намысын университеттік, қалалық және республикалық жарыстар мен олимпиадаларда абыроймен қорғауда.

Ablai Khan University-гі студенттік өмір - тек білім алып қана қоймай, **пікірлес адамдарды табуға, жаңа бағыттарда өзінді сынап көруге, жеке жобаларды жүзеге асыруға, көшбасшылық қасиеттерді дамытуға және өз таланттарыңды ашуға мүмкіндік беретін орта.**

Студенттердің өздері көптеген университеттік іс-шаралардың бастамашысы әрі ұйымдастырушысы болып табылады. Олардың жобалары мен идеяларын университет қолдайды.

Клубтар мен ұйымдардың қызметі туралы ақпаратты қайдан алуға болады?

ЖІК кабинеті - №1 оқу ғимараты, 111-кабинет.

Біздің ресми аккаунттарымыз:

Сайттағы ресми парақша - <https://clck.ru/3VQ2sJ> **Instagram** - @ablaikhan_university **Telegram** - @kazumo23

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ӘНҰРАНЫ

Халықаралық қатынас осы біздің ұранымыз
Әлемдік тіл жергілікті біздің құралымыз.
Білім, ғылым жемісін бірге теріп, Еңбек ету
ел үшін мұратымыз.

Қайырмасы

Сенеміз біздер шуақты күндерге сөйлейміз
әлемдік тілдерде барлық жерлерде

Выбрали дорогу мы Прославляя имя
Абылай хана Пусть ответит Alma - mater
Все мечты во имя страны Университет наш
дом Верим мы в успех и светлый день
весны и зная языки народов Мир осветим
мы.

Шығарамыз өнермен Отан даңқын
Танытамыз әлемге қазақ халқын таратамыз,
өзара байытамыз Халықтардың, Ұлттардың
дәстүр-салтын Достық даңқын.

Қайырмасы

Ұстаз- шәкірт, ұлдар-қыздар
Сенеміз біздер шуақты күндерге
Сөйлейміз әлемдік тілдерде
Барлық жерлерде.





Алматы қ., Муратбаев көш., 200



+7 (727) 292 23 73



ablaikhan_university